

*Оқушылардың бойында азаматтық
құндылықтарын қалыптастыруда және
салауатты өмір салтын насихаттауда
сынып жетекшінің ролі.*

Па сыныбы.

Сынып жетекшісі Жумагулова Г.Т.

Сынып жетекшісі – ол кім?

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мектеп оқушыларының бойында адамгершілік және салауаттылық тұрмыс негіздерін қалыптастыруға, азаматтықты тәрбиелеуге, шығармашылық қабілетін дамытуға жұмылдырады.

Осы міндеттерді шешудің жауапкершілігі, мектеп оқушыларының тәрбие ісін бағыттауы және ұйымдастыруы сынып жетекшісіне жүктеледі.

Сынып жетекшісі

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог

Негізгі мақсаты

әр оқушыны дамыту

оның ерекшеліктерін
сақтау

оның потенциалды
қабілеттерін ашу

интеллектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай
жасау

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көз қарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті парасатты, ар ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің ірге тасын қалайтын негізгі қағидалар мыналар:

тәрбиенің мазмұны,

оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі- адамгершілік,

имандылық,

ізгілік, елжандылық

11а сыныбы бойынша тәрбиенің барлық бағыттары бойынша жоспарлары құрылып, бекітілген. Іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізіледі. Тәрбие жоспарлары тәрбиенің негізгі 5 бағыты бойынша жасалып бекітілген, сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп келеді.

Жалпы құқықтық білім беру бағдарламасы бойынша жоспар құрылған

Олар:

- Оқушылар үшін айына 2 рет**
- Ата –аналар үшін тоқсанына 1 рет**

Оқушылардың құқықтық санасын қалыптастырып, дамытуда сыныптан тыс құқықтық тәрбие берудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беруде жүргізілетін шаралар оқушылардың ҚР заңдары туралы білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге, олардың құқықтық санасын қалыптастыруға, өз міндеттерін дұрыс қарауына, заңдарды сақтауға бағытталған. Осы мақсата мынадай тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілді.атап айтсақ:

«Заң бұзушылық және жаза» «Сенің міндетін» «Біз және заң» т.б.

Ата-аналар жиналысында:

Ата-аналардың міндеттері көрсетілген заң баптары мен ата-аналарды таныстырып, өз балаларының кешкі уақытта қайда жүретінін бақылап, балаларының тәрбиесіне қатаң қарау туралы кеңес өткізілді.

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша құқықтық түсіндіру жұмысы бала тәрбиеленіп жатқан мекемені қалыптастырудан, отбасылармен танысудан басталады.

Жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері:

Отбасындағы ақау тәрбие;

Отбасындағы материалдық әл-ауқаты;

жұмыссыздық;

баланың бос уақытының шамадан тыс мол болуы;

ата-ана тарапынан бақылаусыз қалуы;

мінез-құлқының ауытқушылығы;

Рухани құлазуы;

Оқушы әрекетінің нәтижелерін талдау.

_Бұл тәсіл оқушылар туралы айтылған пікірге қарап емес, олардың мектептегі және үйдегі іс-әрекеттері, қызмет нәтижелері (үлгерім, техникалық, шығармашылық, қоғамдық пайдалы еңбек және өзіне өзі қызмет етуге қатысуы, спортпен айналысуы) бойынша түсінік алуға мүмкіндік береді.

- Мысалы, мен оқушы ата-аналарына төмендегідей сауалнама беру арқылы оқушының мектептен тыс кезіндегі, үйдегі мінез-құлқы туралы мағлұмат алдым.
- Балаңыздың аты-жөні:.....
- Жанұяңыздың материалдық жағдайы (өте жақсы, жақсы, орташа, төмен).....
- Жанұяда бала тәрбиесімен кім айналысады?.....
- Балаға бірыңғай талап қойылады ма?.....
- Бала үйдегі еңбекке қатысады ма, қандай шаруаға.....
- Бос уақытын қалай өткізеді
- Достары кімдер
- Олар туралы сіздің көзқарасыңыз
- Балаңыздың үйдегі мінезі.....
- Бала мінезіндегі жағымсыз қылықтар қандай? (өтірік айту, тәртіп бұзу, сабақ оқымау, еңбектен бас тарту, бос жүру, т.б.)

Былтырғы оқу жылында өткізілген кең көлемдегі республикалық «Полиция және мектеп» атты акцияға сынып оқушылары белсене қатысты. Мектебімізде Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімі қызметкерлерімен біріге отыра «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу жолдары» тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын-алу, оқушылар арасында құқықтық ағартушылық жұмыстар жүргізу, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен кәмелетке толмағандар арасында сенімділік қарым-қатынас орнату.


Өткізілген іс-шараға әр түрлі қоғамдық ұйымдардан мамандар келді.

Қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі жасөспірімдер арасындағы қылмыстық көбеюі. Іс-шара оқушыларға құқықтық көмек, консультация беру, дискуссия түрінде өткізіліп, қызу талқыға салынды. Оқушылар өздерін мазалап жүрген сұрақтарына жауаптарын алды.



Салауаттылыққа тәрбиелеу

Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын сақтай қажеттігі, жеке денсаулық жағдайымен ерекшелігі туралы білімдерін, денсаулықтың дене, психологиялық, әлеуметтік және рухани байлықтармен біртұтастығы және денсаулықты сақтай әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында «Көңілді старт», «Спорт – денсаулық тірегі», «Темекі мен ішімдік - өмірді бұзушылар», «Мен өсіп келемін», «Өз ағзанды шынықтыр» тақырыптарында әңгімелер өткізілді.



СТРЕСКЕ СІЗ СЕЗІМТАЛСЫЗ БА?


	Әдетте	Кейде	Сирек
1. Мен тез ашуланып, режжимін.	3	2	1
2. Мен жеңілгенді жек көремін.	3	2	1
3. Мені біреу бас салса немесе мені жамандаса мен қатты ашуланамын, бірақ өз сезімімді көрсетпеймін.	3	2	1
4. Мен кезекте тұрғанда, шыдамсыздықтан қатты қиналамын.	3		1
5. Кейін орындағанда қиналатынымды білсем де мен мойыныма көп жауапкершіліктер аламын.	3	2	1
6. Маған көмек қажет болған кезде мен көмек сұрай алмаймын.	3	2	1
7. Мен стресті түсіру үшін дәрі-дәрмекті жиі пайдаланамын.	3	2	1
8. Мен өзімнің сенетін адамдарыммен өзім қиналып жүрген мәселелерімді талқылаймын.	1	2	3
9. Мен қателік жасасам, кешірім сұрауға қиналамын.	3	2	1
10. Мен қателік жасасам, өзімді кінәлап, қатты уайымдап, қынжыламын.	3	2	1
11. Егер менің көңіліме тисе, мен үндемей тура алмаймын.	1	2	3
12. Мен достарымнан алғаннан гөрі, оларға беретін сияқтымын.	3	2	1
13. Мен өзімнің демалысыма арнайы уақыт бөлемін және сол демалыстан ләззат аламын.	1	2	3
14. Мен күнделікті дене шынықтыруға уақыт табамын.	1	2	3
15. Мен жиі күлемін және көңілді болып жүремін.	1	2	3

Жоспар бойынша АҚТҚ-дан сақтану жолдарына байланысты «Нашақорлыққа жол жоқ!», «Қатерлі СПИД кеселі!», «Жаны саудың тәні сау!» «Тазалық денсаулық –кепілі», тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

1 желтоқсан Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне байланысты «ЖҚТБ (СПИД) ауруынан қорғану жолы-салауатты өмір салты» тақырыбында әңгіме өткізілді. Жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында жасалған жұмыстар мектеп медбикелермен бірге жүргізіледі. «Сары ауру-жұқпалы ауру», «Тымаудың алдын алу» т.б. тақырыптарында сыныпта диктанттар алынды. Сынып оқушылары мектеп медбикелерінің көмегімен үнемі тексерілуінен өтеді.

Мектебімізде жыл сайын өтетін денсаулық күніне сынып оқушылары белсене қатысады. Сонымен қатар биылғы оқу жылында «Нашақорлық » тақырыбында пікір сайыс өткізілді.





- Отбасындағы қауіп-қатер себебі:**
- Балалардың тәртібін қадағаламау;
 - Ата-аналардың балаларға қатал қарауы;
 - Ұрыс-керіс, қақтығыс, отбасындағы түсініспеушіліктер;
 - Балалардың көзінше шылым шегу, ішімдік қолдану және т.б.;



VII ҚЫСҚЫ

Азиада

Ойындары

Азианың қорытындысы

Жылдың айшықты спорт шарасы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында қорытындыланды. Қоржынына барлығы 70 жүлде салған қазақ құрамасы, командалық бас жүлдені еншіледі. Оның 32-сі алтын, 21-і күміс және 17-сі қола медаль. Жалпы, VII қысқы Азия ойындары Елбасымыздың өзі айтқанындай еліміздің 2011 жылғы ең ірі оқиғасы болды. Дайындық барысына қаншама күш жұмсалып, қаншама қаржы кұйылды. Ақ Азиада елімізге бұрын-соңды болмаған қаншама жетістіктер сыйлады. Бүкіл әлемнің назарын өзімізге аудардық. Мұндай тарихи оқиға елімізде бұрын-соңды ешқашан болмаған.



Қазақстан қоржынындағы медальдар

Осы бағдарламалар бойынша 69 медаль сарапқа салынады. Бұл медальдар жиынтығын Қазақстан ұлттық банкінің Монета сарайы жасап шығарған. Азиада кристалының үлгісіндегі медальдің ортасында осы дүбірлі доданың логотипі орналасқан және ұлттық ою-өрнекпен әшекейленген. Азия ойындарының ресми сайтының мәліметіне сүйенсек, алтын медальдің салмағы 340 грамм, ал күміс медальдің салмағы 524 грамм



Кездесетін проблемалар:

- *Мектепшілік іс-шараларға шақырылған мамандардың аз келуі;*
- *Отбасының бала тәрбиесіне немқұрайды қарауы;*

Ұсынылатын жұмыстар:

- *Сынып сағаттарына арнайы мамандарды шақыру;*
- *«Сынып жетекшісі-бала-ата-ана» жүйесіндегі педагогикалық тұрғысынан мақсатқа сай және психологиялық дұрыс қарым-қатынасты ұйымдастыру жұмысын жандандыру*
- *мектеп оқушыларының бойына патриотизм идеясын қалыптастырудың құрылымдық үлгісін әзірлеуге мүмкіндік беретінін*